

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу бойынша шараларды қабылдау үшін мақсатты топқа жататын тұлғалардың 2012 жылға қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 23 желтоқсандағы N 343 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 қаңтарда N 13-7-167 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі N 02-05-1.4-2/336 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 08.04.2013 N 02-05-1.4-2/336 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу бойынша шараларды қабылдау үшін мақсатты топқа жататын тұлғалардың 2012 жылға қосымша тізімі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) 50 жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;
- 3) колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері;
- 4) ұзақ уақыт бойына жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 5) бір де біреуі жұмыс істемейтін отбасыларының тұлғалары.

2. «Жамбыл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мақсатты топтарға қосымша жатқызылған тұлғаларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу бойынша уақытында іс-шаралар қабылдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Сарбасова жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Ыбыраев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК